

Шалқар аудандық мәслихатының 2010 жылғы 20 шілдедегі № 210 "Жер салығының базалық ставкасын белгілеу туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2017 жылғы 17 ақпандағы № 85 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 14 наурызда № 5320 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2021 жылғы 5 наурыздағы № 19 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 05.03.2021 № 19 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексінің 382, 387 баптарына сәйкес, Шалқар аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Шалқар аудандық мәслихатының 2010 жылғы 20 шілдедегі № 210 "Жер салығының базалық ставкасын белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3-13-140 тіркелген, 2010 жылы 8 қыркүйекте "Шалқар" газетінде жарияланған) қазақ тіліндегі шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

қазақ тіліндегі шешімнің атауында, мәтінінде және қосымшасындағы "ставкасын", "ставкалары", "ставкасы" сөздері "мөлшерлемесін", "мөлшерлемелері", "мөлшерлемесі" сөздерімен ауыстырылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Шалқар аудандық мәслихатының
сессия төрағасы,
Шалқар аудандық мәслихатының
хатшысы*

С. Бигеев